Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09.2024ж	Сейсенбі 24.09.2024ж	Сәрсенбі 25.09.2024ж	Бейсенбі 26.09.2024ж	Жұма 27.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу.	Үш түрлі смайликпен қарсы алу.Жағымды атмосфера орнату	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	«Қандай ойыншык жоқ» Мақсаты: Балалар берілген тапсырманы зейін қоя отырып, орындайды.**Танымдық дағды**	«Ненің төлі?» «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды ата **Әлеуметтік дағды**	Үстел-үсті ойыны Мақсаты:конструктор-ларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету **Құрастыру**	«Жаңғақтар» Шарты: балалар әрқайсысына таратылған жаңғақты алақанның арасына салып, айналдырады. Ойын арқылы балалардың қолдары жаттығады**Танымдық дағды**	«Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшы-ғына орналастыра алады **Сенсорика**

Таңертенгі жаттығу	**Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Өз орнын тауып** отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Үстел үсті, саусақ және т.б ойындар. **Танымдық-коммуникативтік дағдылар**	Құрылыс ойындары **Шығармашылық дағдылар**	Фотосуреттер қарастыру: «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау **Коммуникативтік дағдылар**	Саусақ ойыны: «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру **Көркем әдебиет**	Дид ойын: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу **Коммуникативтік дағдылар**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру Топпен жүру.** Балаларды барлық топпен жүруге, жүгіруге әрі қарай жалғастыру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3	**Музыка «Үш гүл-үш түрлі көңіл күй» ойыны** Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу. **Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы**	**Дене шынықтыру Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м)		**Дене шынықтыру** Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. «Бокс» тыныс алу жаттығуы

	жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту жаттығуларын үйрету. Дене аяқ, табан бұлшықеттерін дамыту.	**алу.** Ойын: Балалар шығарманы тыңдап,көңіл күйін анықтап,сәйкес карточканы көрсетеді. **Музыкалық-ырғақты қимыл:** Аяқты топылдату.	жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см) шығу.		
	Күз мезгіліндегі құстар мен жануарлардың тіршілігі бақша ауласына серуенде бақылауы бақылау. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **коршаған ортамен таныстыру** Құстардың тауып	Жануарлар туралы мультфильм дер мен суретті кітаптар қарау көрген бейнелер мен заттардың атауларын , ерекшеліктерін атау дағдыларын дамыту. Жануарлар мен құстар суретін көрсетіп қалай дыбыстайтынын айтып үйрету. **сойлеуді дамыту** Көңілді музыка	Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келу. **коршаған ортамен таныстыру** Балалармен бірге жапырақтарды бояу **сурет салу** Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **жапсыру**	Қонаққа күз ханшайымы келуі.Ол балаларға түрлі жемістер мен көкөністер себетін көрсетуі. Себетке олар симай тұрғаннан екі бөлек себетке бөліп атауын менгерту **сойлеуді дамыту** Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына баруына жағдай жасау. Қалаған жеміс	«Үш аю» ертегісін саусақ театры арқылы айтып беру, тыңдау дағдысын дамыту Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қою арқылы сөйлеуін дамыту. **сөйлеуді дамыту** «Күз» жайлы такпақ айтуға ұмтылдыру аюдың туралы сурет бояу,

	фланелеграфта жапсыру **жапсыру** Құрастыру материалдарын ан үйшік жасау. **құрастыру**	тыңдау, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, қосылып ән айтуға үйрету **музыка**		немесе көкөніс суретін салу дағдысын жетілдіру **сурет салу** жеміс немесе көкөніс мүсінін жасуға ынтасын қалыптастыру. **мүсіндеу** көкөністер мен жемістерді бөліп фланелеграфта орналастыруға машықтандыру **жапсыру**	мүсіндер жасап дағдыларын меңгеруді үйрету **сурет салу, мүсіндеу**
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	Бақылау: «Өзге топ балаларының іс – әрекеті» Мақсаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне аудартып,	Күздің алғашқы белгілерін бақылау Мақсаты: —Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; —Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Қыркүйек» Ғ. Өкеев	Қайың ағашын бақылау Мақсаты: - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру; —Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен	Өрмекшіні бақылау Мақсаты: өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру; айнала қоршаған ортаға	Күн жылу мен жарық көзі Мақсаты: күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; ойлау, талқылау,

	балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу. Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру: Ағайынды бес құрдас Бірдей болып еш тұрмас (Саусақ) Есігі – біреу Бөлмесі бесеу (Қолғап) Адамның сәні Онсыз жоқ мәні (Киім) Таңертең тұрдым	Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. Тәрбиеші сұрақтары. ♦Күздің қандай белгілерін білесіңдер? ♦Күзде ауа-райы қалай өзгереді? ♦Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? ♦Адамдар күзде не істейді? ♦Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді? Зерттеу жұмысы: Д/О: «Күзге ең	ұқсастығын табуға үйрету Бақылау барысы: Көркем сөз Сырғалы қайың, ақ қайың. Сырыңды сенің жаттайын. Өсе берші жайқалып, Мен ерінбей баптайын. Балаларға сұрақтар: Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды? Олардың жапырақтары неге сарғаяды? Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды? Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар? Зерттеу жұмысы: қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың	қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы: Көркем сөз Сенде айтшы өрмекші, Неше аяқ, неше қол? Жауап берші өрмекші Неше аяқ, неше қол? - Табандарым жолға тисе, Зымырайды аяқтай. Табандарым өрмек тоқиды Қолдармен өрнек салғандай, Шіркейлерді ұстағанда, Аяқтарым пышақтай. Егер шыбын кездессе, Қағып алам ұзатпай! Тәрбиеші сұрақтары: ♦Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей,	дәлелдеу дағдыларын дамыту; табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. Бақылау барысы Психологиялық жаттығу: «Күншуақ» Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш жылу беретінін сезіну -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз. Сұрақтар:

	Екі жолды құдым (Шалбар) Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт», «Аюлар мен аралар» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек) Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап» Еңбек Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: — орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету; — экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қуып жет». Мақсаты: Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.	жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу. Еңбек: Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу. Қимылды ойын: «Допты ұста» Мақсаты: қағып алуға және келесіге беруге үйрету. Жаттығу ойындары: Мақсаты: Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету Мақал-мәтелдер: 1. Қалың ну халық саулығы. Көк орман –Отан байлығы. 2. Орман-ел дәулеті, жер сәулеті.	құрт-құмырсқаларды жейді) ♦Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.) ♦Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.) ♦Өрмекшілер жыртқыштар ма? (Иә, олар басқа жәндіктерді жейді) Зерттеу жұмысы: Өрмекші торын тауып, қарау. Еңбек: «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу	♦Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек? ♦Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді. Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан

			3. Бір тал кессең, он тал ек. 4. Ағаштың да ағайыны бар. 5. Жалғыз ағаш орман болмас. 6. Ағаштың ажалы балтадан.	Қ/О: «Үнсіз өт» Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту Мақсаты: Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау. Халық болжамы: Өрмекші бұрышқа тығылса жел болады.	оған тура қарай алмаймыз. Сұрақтар: ♦ Күнге бетіңді бұрғанда нені сезінесің? Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма? Зерттеу жұмысы: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, сұрақтарға жауап беруін жетілдіру **сөйлеуді дамыту** Әртүрлі көлемдегі көкөністермен жемістерді салыстыру. үлкен - кішентай және т.б салыстыру. **сенсорика**	Жемістер мен көкөністердің үлкен кішісін анықтау. Түсін атауды пысықтау **Сенсорика** Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді жасауын меңгерту және жетілдіру. **Құрастыру**	Күзгі жапырақтардан композиция жасауды үйрету **жапсыру** Алып салу, ашу жабу ойындарымен ойнау барысында саусақ қимылдарын дамыту **сенсорика**	Құстар туралы мультфильм қарау. Құстардың қимылын жасап, аттарын атауын бақылау **сөйлеуді дамыту** Ойыншықтардан құстарды тауып салыстыру **сенсорика**	Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру** Кітаптар қарау, жануарлардың дыбыстарын салуды пысықтау. **сөйлеуді дамыту**
Балалармен жеке жұмыс	Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтуын үйрету.	бауырсақпен музыкаға би билеуді үйрету.	Нуралиге құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу.	Айбекке суреттегі ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын табу, ойнау, дауыстарын келтіруді жетілдіру.	Аминаға ануарлардың қимылы мен дауыстарын салуды үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.				

	ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**.				
Серуен					
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттерде балалардың ерекшеліктерін айту	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Білім беру ұйымы : №6 «Өркен» бөбекжайы
Топ/сынып: №3 Жұлдыз кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:Қазан айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқақадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу) **Негізгі қимылдар:** педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп жәнебүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-13 см биіктен секіру. Кедергілі ,жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанныңастымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай)доптарды домалату, доптарды бір-бірінедомалату. Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу; **Мәдени-гигиеналық дағдылар.** Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

	балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; **Дербес қимыл белсенділігі.** Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игергенқимылдарды өздігінен орындай алады. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;
Сөйлеуді дамыту	Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау,дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды жетілдіруСөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар менсанамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталаудыэмоциалы қабылдауды; таныс тақпақтарды қайталауды; ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау менүлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлымұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.

Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруғаүйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш,пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету; қарапайымтүрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріпорналастыру туралы білімдерін қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тәнтабиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту
Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларындамыту; Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін),парақ бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан дакүрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды менгерту.
Музыка	**Музыка тыңдау:** Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; **Ән айту:** 1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату,жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру;

Тексерілді Реева Т
27.09.2024ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 1 апта
№ 3 «Жұлдыз» кіші топ

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.09.2024ж	Сейсенбі 01.10.2024ж	Сәрсенбі 02.10.2024ж	Бейсенбі 03.10.2024ж	Жұма 04.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем күймен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу,күй қосу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жұпты суреттер». Балаларға белгілі бір жемістің суреті бейнеленген картинаны таңдап алып, содан соң оның екінші жұбын іздеп табу туралы ұсыныс жасалады.	Жемістердің атауларын біледі: алма, алмұрт. Апельсин, банан, өрік. Олардың түсі мен көлеміне тоқталады. Қандай жемісті жақсы көресіңдер? Неліктен? Балалар өздерінің ұнататын жемістерін көрсетеді,	Түстерді тап ойыны Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады	«Әжемнің ертегілері». Балаларға қызықты ертегі желісін айтып беру.	Дид ойын: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу
Таңертенгі жаттығу	**Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран қосу**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: наңды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру,Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.	көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды	кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу,

	мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтуға үйретуСөйлеуді дамыту	Қоршаған ортамен танысу	топтастыруды үйрету. Сенсорика	қайталау Көркем әдебиет	белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқақадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу)	**Музыка** Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;	**Дене шынықтыру** педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.	Балалардың қалауы бойынша кітаптар қарау, қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ұйымдастыру. (көркем әдебиет, сенсорика	**Дене шынықтыру** бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;
	Тәрбиеші сөзін есту жәнетыңдау. Әр түрлі жануарлардың дыбыстарын естіртіп бұлдыбыстар қайдан шығыпжатыр екен деп	«Үш аю» ертегісін үстел үсті театры арқылы айтып көрсетіп беру. Дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата	Аюлардың қимылдары мен дауысын салу. «Аю», «аюлар» деген сөздерді дұрыс айтуды жетілдіру. Дауысты жәнедауыссыз		Ойыншық жануарларды беру. Еркін ойындар ойнату. Балаларды заттардың қасиеттерімен олармен әрекеттердің атауын

	сұрау арқылы қораптан шығыпжатқанын көрсету, әр жануардың дыбысына сәйкес шығарып көрсету,бірге қайталау. Түрлі дыбыстарды саралау. (сөйлеуді дамыту) құрылыс материалдарынанжәне ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету; (Құрастыру)	білулерін дамыту (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Екі пішін арқылы үй құрастыру. Ауызшаңұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; (сенсорика)	дыбыстарды (ызың және үндіден басқа)еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебент)		айтуға. «Үш аю» ертегісі бойынша кейіпкерлердің атауларын атауын калыптастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Көнілді муызка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету(музыка)
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту				
Серуен	**Күзгі көрініст бақылау.** **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	**Күзгі көрініст бақылау.** **Мақсаты:** Ағаштарға, ағаш жапырақтарына назар ауддарту. Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	**Қимылдық ойын:** «Жүгіріп өтуге үлгер». **Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.	**Еңбек: Ойын алаңы.** **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз аландарын таза ұстауға үйрету.	**Күзгі жапырақтарды бақылау.** күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Сарғайған жапырақтарды жинау.

Серуеннен оралу	Топка оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртінд еп ұйқыда нояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Жануарлардың ойыншықтарын қолданып,мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. (көркем әдебиет) сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру. Жануарлар ойнауына арналған доп жасау.	Қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Үш аю бейнесін орналастыруды үйрету. (Жапсыру) Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Өз еркімен іс әрекеттерді	Аюды домалақтарарқылы жасау. Заттардың қарапайымжәне одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу (мүсіндеу) Бірнеше пластмас шарды топқа алып келіп атын, түсінатату. Әр балаға таратып беріп еркін ойындар ұйымдастыру. көлемі,	Екі пішін арқылы үй құрастыру. Ауызша нұсқау мен үлгігесүйене отырып, тапсырмаларды орындау; (сенсорика) Саз балшықты алақан арасына салып есу, жалпақтау арқылыжапырақ жасату. (мүсіндеу)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше таңдап жасайтын әрекеттерін дамыту.. (Сурет салу) Аюлардың ыдыстары, тәрелкелерді жасауда техникалық

	(мүсіндеу)	жасауын дамыту. (Сурет салу)	пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды арнайы орындарына топтастыруды үйрету (сенсорика)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше таңдап жасайтын әрекеттерін дамыту. (Сурет салу)	дағдыларды қалыптастыру(мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	құрылыс материалдарынанжәне ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету.	дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту.	дауысты жәнедауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа)еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету.	қол қимылындамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату.	аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		.			
Серуеннен оралу	Топқа ойалу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері.	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру

Тексерілді Реева Т
04.09.2024ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 2 апта
№ 3 «Жұлдыз» кіші топ

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.10.2024ж	Сейсенбі 08.10.2024ж	Сәрсенбі 09.10.2024ж	Бейсенбі 10.10.2024ж	Жұма 11.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Күй сүйемелдеуі,күй күмбірі	Көңілді күн әнімен қарсы алу Күй сүйемелдеуі,күй күмбірі	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу Күй сүйемелдеуі,күй күмбірі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қарапайым құрылыстарды (жол,мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (құрастыру)	Кішкентай доптармен өлең жоларын айта отырып,жаттығу орындау. **(сенсорика)**	К/О Еркін ойындар Қазақ елі жайлы видеоролик көрсету,бір тұтас тәрбие Тақпақтар қайталату,тілдік жаттығулар жасату	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру (қоршаған ортамен таныстыру)	К/О «Жалауға қарай жүгір» Қарапайым құрылыстарды (жол,мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (Құрастыру)
Таңертенгі жаттығу	**Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран қосу**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: наңды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.	Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым	түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек

	бөлшектерінен құрастыруға үйрету Құрастыру	мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету Қоршаған ортамен таныстыру.	Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту Сурет салу	түсініктерін қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру.	сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру; Сурет салу
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-13 см биіктен секіру. Кедергілі ,жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанныңастымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Құстардың дыбысын тыңдату.Бұл неніңдауысы?Құстарға жанашырлық білдіруді үйрету. Қысқы азығын жинауға көмектесу туралы әңгімелесу. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Бірдейқұстарды топтастырып ойнату. Түрлі көлемдегі геометриялық	**Музыка** ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырыпересекпен қосылып ән айту ірінің артына тұрып, құстар сияқтыұшып топ бөлмесіндесеруен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар менқұралдарды қолдану дағдыларын	**Дене шынықтыру** Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай)доптарды домалату, доптарды бір-бірінедомалату Балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Балапан мен торғайларды топтастырып жапсыру. (жапсыру)	Терезеге қаратып,далада жел тұрып,жаңбыр жауып тұрғанын бақылату. Желдің дауысын ууудеп салуды. Саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету. Дала суық болғандықтан құстар жаурайды деп қимылмен көрсетуді жетілдіру. Олардың үйлері жоқ, олар түнде қайда ұйықтайды деп балалардың пікірін тыңдау. Жаңбыр, жел,күз сөздерін сөздік қорына қосу. (Сөйлеуді дамыту) Оларға құрастыру құралдарынан үйшік жасайық деп ауызша нұсқау	**Дене шынықтыру** Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу; Құстардың қима суреттерін құрастырып, қандайқұс екенін атау. Не білетінін айтқызу. Дыбыстарын, қимылдарын салуын пысықтау. Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын

	пішіндерді негізгі түсі, әртүрлікөлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру	қалыптастыру. зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.		бойынша құстарға ұя жасауды үйрету (сенсорика)	есімдермен бірге қолдануға үйрету (сөйлеуді дамыту) Кітаптардан құстардың суретін тамашалау. Құстарбар кітаптарды табуын жетілдіру. (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту				
Серуен	**Күнді бақылау:** Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. **Жұмбақ:** Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн)	**Күнді бақылау:** **Тәрбиеші** күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.	**Көркем сөз:** Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді еңді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев **Қимылды ойын:** «Қоңыздар» **Еңбек**: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	**Ағаштарды бақылау** **Мақсаты**: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. **Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»**	**Ағаштарды бақылау** **Көркем сөз:** Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді **Тақпақ:** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. **Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»** Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру

					мен жүру дағдыларын дамыту
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Көңілді музыканыңашық берілген сипатына сай қимылдар жасау (музыка) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру..	Дамытушы орталықтардабалалрдың бастамасыменқұрылыс материалдарынанзаттар құрастыру ойындары.Парақ бетінде бейнені орналастыру әрекетін	Қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салдырту. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу	«Артығын тап»ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту (сенсорика) Қандай сурет сала алатынымызды көрсетейік. Қалаулары бойынша

	әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен	Фланелеграф тақтасына доптарды, шарларды жапсыру.	дамыту.Сазбалшық	(сурет салу) пластмасса құрылыс	шығармашылықпен айналысуына жағдай
Балалармен жеке жұмыс	Геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі,неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	есімдерді, сын есімдерді қолданып,заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауғаүйрету.	балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау.	саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салудыүйрету.	құстары бар кітаптарды табуын жетілдіру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен					
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

Тексерілді Реева Т
11.09.2024 ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 3 апта
№3«Жұлдыз»кіші топ

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.10.2024ж	Сейсенбі 15.10.2024ж	Сәрсенбі 16.10.2024ж	Бейсенбі 17.10.2024ж	Жұма 18.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка тыңдау шаттану. Дид ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау Сөйлеуді дамыту	Фотосуреттер қарастыру «Менің досым» Міндеті сөздік қорын дамыту Коммуникативтік дағдылар.	Дидактикалық ойын: Дәл сондай пішінді тап. Міндеті пішіндерді ажырата алу қабілеттерін дамыту	Саусақ ойыны сергіту бауырсақ ,сөйлеу тілін дамыту,бір тұтас тәрбие	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті» Міндеті өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру Құрастыру әрекеті

Таңертенгі жаттығу	**Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран қосу**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Өз** орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие**				
